

**КМҚК «№140 бөбекжай-балабақша»
тамақтану сапасы мониторингі жөніндегі комиссияның отырысының
Хаттамасы №6**

«26» маусым 2024 жыл

Қатысқандар:

Комиссия төрайымы балабақша басшысы: Мухаметрахимова Ш.А.

Әдіскер – Сатпаева Д.К.

Кәсіподақ төрайымы – Масакбаева Б.Р.

Балабақша медбикесі, диетбикесі – Есжанова М.С.

Ата-аналар комитетінің мүшесі – Мейрбекова К.С.

Қоймашы – Бердибаева М.Д.

Күн тәртібінде:

1. Балабақша тәрбиеленушілерге физиологиялық тағамдармен қамсыздандырудың дұрыс берілуін қадағалау.
2. Санитарлық-эпидемиологиялық талаптардың сақталуын бақылау.
3. Күнделікті ата-аналардың тамақты ұйымдастыру сапасына қатысуын қадағалау

Тыңдалды:

1. Бірінші мәселе бойынша балабақша медбикесі Есжанова М.С. тәрбиеленушілерге физиологиялық тағамдармен қамсыздандырудың дұрыс берілуі туралы тыңдалды. Тексеру кезінде тағамды ұйымдастыру құжаттары балабақшада мектепке дейінгі ұйымдарға қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптардың санитарлық қағидалары сақталады және толық жүргізіледі.

- ❖ дайын тағамның бракераж журналы;
- ❖ тез бұзылатын тамақ өнімдері мен жартылай фабрикаттардың бракераж журналы;
- ❖ балалардың денсаулығын тексеріп тіркеу журналы;
- ❖ Ата-аналардың тамақты ұйымдастыру сапасына қатысу журналы.

Балабақшада күніне 5 уақыт берілетін 10 күндік перспективалық ас мәзірі жасалынған. Ас мәзірінің картотекасы бар.

2. Санитарлық-эпидемиологиялық талаптардың сақталуы жөнінде балабақша кәсіподақ төрайымы Масакбаева Б.Р. тыңдалды. Үнемі бақылай отырып балабақшаның азық-түлік сақталатын қойманың бар екендігін және қоймада барлық жағдай талапқа сай екенін атап өтті. Технологиялық құрал-жабдықтар мен тоңазытқыштар толық жұмыс істейді. Барлық тоңазытқыштар термометрлермен жабдықталған. Профилактикалық жұмыстар барысында қызылша (корь) инфекцияға болдырмауға жол бермеуде санитарлық талаптар қатаң сақталады. Ғимаратқа кіре берісте адам қызуы тексеріледі, ол міндетті түрде сүзгіш жуалына тіркеп отырылады. Таңертеңгі балаларды қабылдау медбикемен тәрбиешінің балалардың дене қызуын тексеріп, сүзгіш (фильтр) журналына тіркеу арқылы жүргізіледі. Топтарда, ас блогында, балалар тамақтанатын асханада, балабақша ғимаратында дезинфекциялық құралдар арқылы аптасына 2 рет жаппай тазалау жүргізіледі. Балалардың тамақтанатын асханасында күнделікті сәулелендіру, желдету жұмыстары кестеге сәйкес жүргізіледі. Балалардың тамақтану кестеге сәйкес ұйымдастырылады.

Үшінші мәселе бойынша ата-аналар комитетінің мүшесі Мейрбекова Құралай ханым сөз алды. Ол өз сөзінде Ата-аналардың тамақты ұйымдастыру сапасына қатысуы күнделікті жүргізілетіндігін және ол журналға тіркеліп отырғанын атап айтты. Күнделікті

Шешімі:

1. Тәрбиеленушілерге физиологиялық тағамдармен қамсыздандырудың дұрыс беріледі, қанағаттанарлық.
2. Санитарлық-эпидемиологиялық талаптардың үнемі сақталсын.
3. Ата-аналардың тамақты ұйымдастыру сапасына қатысуы күнделікті жүргізілуі үнемі қадағалансын.

Комиссия мүшелері:

Кәсіподақ төрайымы –

Ата-аналар комитетінің мүшесі –

Масакбаева Б.Р.

Есжанова М.С.

Мейрбекова К.С.

